

P. Сүлейменова, Е. А. Бекетов ататындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 1-бағам студенті

Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, Е. А. Бекетов ататындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

РАДИОЖУРНАЛИСТИҚ СӘЗ ҚОЛДАНУ МӘДЕНИЕТІ

Кезінде өз хабарларын «Алматыдан сейлеп тұрмыз!» деп бастайтын Қазақ радиосы ұлтқа қызмет етуден осы күнге дейін танбай келеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі тілдік қатынастың өзге түрлерінің өзіне тән сипатымен, құрылымымен ерекшеленеді. Ғалым Н. Уәли бұл жөнінде былай дейді: «БАҚ-тың тілі өзге қарым-қатынас тіліне қарағанда өзіндік жүйесімен, құрылымдық ерекшеліктерімен қарым-қатынастың ерекше типіне айналды...»¹.

Радиохабарлар — электронды бұқаралық ақпарат құралдарының тікелей эфир арқылы таратылатын ерекше өнім. Эфир мерзімінің шектелуі — заңдылық. Қысқа әрі әсерлі ойға толы хабарларда сөйлесуші сөзінің мәнді болғаны абзал. Журналист хабарға қатысушы сөзінің мәтінін қарағанда оның сөйлеу тіліне жақын, артық цифrlар мен терминдерден, жаргон сөздерден таза болуын ойластыруы керек. Автор өзіне тән стилін сақтаса ғана даралыққа ие болады. Кейіпкерлерді ағынан жарылтып сөйлете білу үшін оның көңіл кілтін таба білу қажет. Ал бұл кілтті табудың жолы әрқишло. Жалаң ой мен сылдыр сөз, ұзақ сонар сірескен тіркестер көрерменді оп-онай жаһықтырып жіберетіндігін ұмытпағайсыз. Нақтылық пен фактіге құрылған дәлдік, көсемсөз, қысқалық және нысаналы ой ғана редакторға шабыт, жүргізушиге қанат бітіре алады. Тікелей эфир кезінде сан құрсаулы ой тізбегінің шебін бұзып, арналы ойдың нөпірінен малтыймай шығуға да шын шеберлік керек. Сел дария жүректерден жыр да-рия болып төгіліп, ой жарысының додасынан суырыла шыққан ой тамшыларына, жүргізуши тіліне үйіріле қалған сөз орамдарына не жетсін!

«Радиохабар есту арқылы қабылданатын болғандықтан, мәтіннің, яғни текстің немесе сценарийдің айтылатын әңгімеге, сөйленетін сөзге айналу процесіне аса зор мән беріледі. Бұл мәселе дәл қазіргі таңда кең көлемдегі ғылыми кеңестерге, улken теориялық және эксперименталдық зерттеулерге негіз болып отыр»², — дейді ғалым Н. Омашұлы. Ал тікелей эфир жүргізушиң күнделікті жұмыс процесінде бұл мәселе өткір жолға қойылуға тиіс екені даусыз.

Тікелей эфирді сәтті өткізіп, шығармашылық табыска жету үшін ғалым Өбдіжәділқызы Ж. мынадай критерийлерді ұсынады:

1. Ықпал ету (реакция). Мұның өзі негізгі екі категориядан тұрады:

а) сөйлеу мәнерінің ойнакылығы, сөйлейтін сөзінді іштей жұлтап, ойынды сабактаң үлгеру, ең болмағанда келесі айтатын фразанды бір сөйлем көлемінде тізбектеп алу;

ә) техникалық сипаттағы тапқырлық, яғни операторлық әрекеттерді ете ұқыпты орындау.

2. Дауыс ырғағы (интонация):

а) үн екпіні (тон). Сөйленетін сөздегі логикаға сәйкес үн екпінін жоғары көтеріп, төмен түсіру арқылы өзгерту эфирді байыта түседі;

ә) үн деңгейі.

3. Имидж. Журналистиқ өз стилі, ешкімге ұқсамайтын ерекше қасиеті.

4. Жүйелілік (регламент). Эфирдің толып жатқан түрлі-түрлі элементтері бар.

5. Тіл мәдениетін сақтау:

а) қарабайыр сөздерді қолданбау;

ә) қайталау жібермеу.

Тікелей эфирдегі журналист жұмысының табысты болуы көбіне-көп оның өзін-өзі қалай ұстағанына, қандай мәнерде сөйлегеніне, сөйлеген кезде қаншалықты сендіргеніне, сол арқылы қандай әсер қалдырганына байланысты. Тікелей эфирде қызмет ететін жүргізушилер өз кәсіби деңгейлерін көтеру үшін аталып өткен критерийлерді есепке алыш, талаптарды мүқият орындауды қажет екені сөзсіз.

-
- ¹ Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.док...дисс.:10. 02. 02. — Алматы, 2007. — 205-б.

- ² Омашев Н. Қазақ радиожурналистикасы. Оку құралы. — Алматы, 2005. — 87-б.